

Халықаралық мақта жөніндегі консультативтік комитетпен ынтымақтастықтың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 3 сәуірдегі N 316 Қаулысы

«Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 9-бабының 15) тармақшасына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 4) тармақшасына, сондай-ақ 1972 жылғы 16 маусымда қабылданған (1987 жылғы қазандағы түзетулермен) Халықаралық мақта жөніндегі консультативтік комитеттің нормалары мен қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.03.2021 № 159 қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Халықаралық мақта жөніндегі консультативтік комитетке (бұдан әрі - Комитет) мүше болып кіруі мақұлданын.
2. Комитеттің Хатшылығымен байланысу үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ұлттық үйлестіру агенттігі болып белгіленсін.
3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Комитетте мүшелігі үшін жарналар төлеуге жыл сайын республикалық бюджетте қажетті бюджет қаражатын көздесін.
4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі